

«Шұғыла» бөбекжай- бақшасы» МКҚК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша комиссия мүшелеріне

Хабарлама

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша комиссия мүшелеріне 2024-2025оқу жылының жоспарына байланысты Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімінің «Шұғыла» бөбекжай- бақшасында отырыс өткізіледі.

1.Отырыс 2025 жылдың 26 маусым күні сағат 11.00-де өткізіледі.

Отырыс жылдық жоспарда көрсетілген тақырып аясында жүргізіледі.

Орындаған: Жуманалина С.

Тел. 5-20-12

«Шұғыла» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Хаттама № 2

Қосбөлтек ауылы

26.06.2025ж.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында шаруашылық меңгерушісі Г.Оразбаеваның ұйымдастыруымен баяндамасы тыңдалды.

Ондағы мақсат: сыбайлас жемқорлықтың алдын алу,оны болдырмау жолында жұмыстар жүргізту.

Г.Оразбаева өз баяндамасында бүгінгі күнгі күрделі мәселелердің бірі сыбайлас жемқорлықпен күресу болып отыр.

ҚР-ның заңнамаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады.Ондағы өз міндеттерін асыра пайдалану, пара алу,пара беру жалған ақпарат беру сияқты іс-әрекеттер арқылы сыбайлас жемқорлыққа бой алдырып жатады.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын,құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын іздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылатынын атап өтті.

Осы отырыс барысында өз ой,пікірлерін ортаға салу ұсынылды.

Әдіскер С.Жуманалина өз сөзінде біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ екенін білеміз.Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың балық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болатынын айтты.

Келесі сөз кезегін Ф.Мақсымханова алып,парақорлықтың алдын алу,жолын кесу және тергеу жұмыстары жүргізіліп,асырылып келеді,дегенмен де әлі де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер анықталып жатқаны да бар екенін айтты.

Хатшы:



Мақсымханова Ф.

